ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

ШЕШІМ

2024 жылғы 5 қыркүйек № 3514-24-00-2/4105 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Муталяпова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігінің Мартбек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Мадина Айдарбековна Сисембаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4, 223-226, 229 бабын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігінің Мартбек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер дара кәсіпкер Мадина Айдарбековна Сисембаеваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Мадина Айдарбековна Сисембаеваны сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Мадина Айдарбековна Сисембаевадан мемлекеттік баж 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекет кірісіне өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Муталяпова

Құжатқа қол қойылған: Муталяпова А. Т., 05.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.10.2024, судья Муталяпова А. Т., 11.10.2024

3514-24-3-1/4381